

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Қазақтың кемеңгер көшбасшысы

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72139/>

Тұңғыш Президент халқымыз үшін тек Конституцияның кепілі және мемлекет басшысы ғана емес, сонымен қатар ұлттың шынайы көшбасшысы, елдің дамуын айқындайтын тұлға.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлем тарихындағы кемеңгер тұлға. Жер-жаһанға мемлекеттің бейбіт және ядролық қарусыз саясатын паш етіп, Қазақстанды халықаралық деңгейге шығарды. Бүгінде Ұлт көшбасшысының есімі адамзат тарихындағы ұлы мемлекет қайраткерлерінің әлемдік хроникасында алтын әріптермен жазылған.

Кеңес Одағының ыдырауы – халқымыздың тәуелсіздік деген арманын шындыққа айналдырған бірегей мүмкіндік. Өйткені, егемендік жай ғана ұғым емес. Бұл ұлттық рухты көтеріп, жаңару және тәуелсіздік жолын жалғастыруға үлкен мүмкіндік. Дәл осы тарихи кезеңде қазақ қоғамы Елбасымызға жаңа тәуелсіз елдің сара жолын анықтауға, алып держава ыдырағаннан кейінгі қиындықтардан алып шығуды сеніп тапсырды. Сол кездің өзінде Қазақстан көшбасшысының мемлекет басқарудағы тәжірибесі мен беделі болған еді.

Ел тізгінін алмағайып, аумалы-төкпелі, қиын кезеңде қолына алып, халық бірлігін тәуелсіздіктің туы етті. Тарихтың да, тағдырдың да сынынан сүрінбей абыроймен өтіп, елдің сенімін ақтады, селкеу түсірмеді.

Қазақстан 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басындағы барлық саяси ахуалды

қақтығыссыз шеше білді. Бұл ретте, еліміздің тұңғыш Президентінің еңбегі зор. Барлық өткір, кейде аса қауіпті мәселелерді салқынқанды, сенімді түрде шешті. Президент ел азаматтарының пікіріне, шетелдік саясаткерлердің кеңесіне құлақ асты. Бірақ, әрқашан Қазақстанның мүддесін қорғайтын бірегей шешім қабылдады. Бұл білік пен білімді парлап жеккен парасатты заманауи басшының тілегінің даралығын, даналығын, жолының саралығын танытады, әртүрлі саяси күштерді бір бағытқа, ел мүддесіне бағыттай алғанын білдіреді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.